



Пайдаланушы нұсқаулығы

ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫ

Осы нұсқаулықта құрамдас бөліктер, қуатты басқару, қауіпсіздік, сақтық көшірме жасау туралы ақпарат және басқа да мәліметтер беріледі.

© Copyright 2020 HP Development Company, L.P.

Chrome, Chrome OS, Chromebox, Google және Google Drive – Google LLC компаниясының сауда белгілері. Microsoft – АҚШ және/немесе басқа елдердегі Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгісі немесе сауда белгісі. USB Type-C® және USB-C® Implementers Forum ұйымының тіркелген сауда белгілері. microSD логотипі және microSD – SD-3C LLC компаниясының сауда белгілері. DisplayPort™ және DisplayPort™ логотипі – АҚШ-тағы және басқа елдердегі Video Electronics Standards Association (VESA) ұйымының сауда белгілері.

Бірінші басылым: қазан, 2020 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі: M27978-DF1

Өнім туралы ескерту

Бұл нұсқаулықта көптеген модельдерге ортақ мүмкіндіктер сипатталған. Кейбір функциялар Chromebox құрылғысында болмауы мүмкін.

Бағдарламалық құралды пайдалану шарттары

Осы Chromebox құрылғысында алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнату, көшіру, жүктеп алу немесе басқа жолмен пайдалану арқылы, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келіспесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, қолданылмаған өнім қаражатын қайтару ережелеріне сәйкес төленген қаражатты толық қайтарып алу үшін, пайдаланбаған өнімді (аппараттық және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтаруыңызға болады.

Қосымша ақпарат үшін немесе Chromebox компьютерінің толық құнын қайтаруға талап қалдыру үшін, сатушымен байланысуыңызды сұраймыз.

Қауіпсіздік туралы ескерту хабары

Қызып кетумен байланысты зақымдарды немесе Chromebox құрылғысының қатты қызып кету жағдайын азайту үшін сипатталған әдістерді орындаңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Қызып кетуге байланысты зақымдарды немесе құрылғының қатты қызып кету жағдайын азайту үшін Chromebox құрылғысын тізеңізге қоймаңыз немесе Chromebox құрылғысының ауа желдеткіш саңылауларын бітемеңіз. Chromebox құрылғысын тек қатты, тегіс беттің үстіне қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты заттың немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беткейдің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Құрылғы және айнымалы ток адаптері қолданыстағы сақтық стандарттарында белгіленген пайдаланушы үшін рұқсат етілген бет температурасына сәйкес келеді.

Мазмұны

1 Chromebox құрылғысымен танысу	1
Оң жағындағы	1
Алдыңғы жағы	1
Артқы жағындағы	3
Астыңғы жағындағы	4
Жапсырмалар	4
2 Chromebox пайдалану	6
Аудио дыбысты пайдалану	6
Үндеткіштерді қосу	6
Құлақаспаптарды жалғау	6
Бейнені пайдалану	6
HDMI құрылғысын жалғау	7
Сымсыз желіге қосылу	7
Жергілікті желі бойынша ояту мүмкіндігін қосу немесе өшіру	7
WOL мүмкіндігін қосу немесе өшіру	7
Қолданбаларды басқару	8
3 Chromebox пен ақпаратты қорғау	9
Сымсыз желіні қорғау	9
Бағдарламалық құрал қолданбаларының және мәліметтеріңіздің сақтық көшірмелерін жасау	9
Chromebox құрылғысын қалпына келтіру	9
Қосымша қауіпсіздік кабелін пайдалану	10
4 Басып шығару	11
Google® Chrome™ inOS басу шешімі арқылы басып шығару	11
Google Chrome браузерінен басып шығару	11
5 Қосымша HP ресурстары	12
6 Электрстатикалық разряд	13
7 Арнайы мүмкіндіктер	14
HP және арнайы мүмкіндіктер	14
Арнайы мүмкіндіктерге арналған қажетті құралдарды табу	14


HP міндеті	14
Халықаралық арнайы мүмкіндіктер жөніндегі білікті мамандар бірлестігі (IAAP)	15
Ең жақсы арнайы технологияны табу	15
Қажеттіліктеріңізге қол жеткізу	15
HP өнімдеріне арналған арнайы мүмкіндіктер	15
Стандарттар және заңдар	16
Стандарттар	16
Нөмірі 376 – EN 301 549 бұйрығы	16
Веб-мазмұнға қол жеткізу жөніндегі нұсқаулар (WCAG)	17
Заңдар мен ережелер	17
Пайдалы арнайы мүмкіндіктер ресурстары мен сілтемелері	17
Ұйымдар	17
Білім беру мекемелері	18
Шектеулі мүмкіндіктер туралы басқа да ресурстар	18
HP сілтемелері	18
Қолдау қызметіне хабарласу	18
Индекс	20

1 Chromebox құрылғысымен танысу

Chromebox құрылғысында жоғарғы деңгейлі құрамдас бөліктер бар. Бұл тарауда бөліктер туралы, олардың қайда орналасқаны және қалай істейтіні туралы мәліметтер берілген.

Оң жағындағы

Chromebox құрылғысының оң жағындағы құрамдас бөліктерді анықтау үшін сурет пен кестені пайдаланыңыз.




Кесте 1-1 Оң жақтағы құрамдас бөліктер және олардың сипаттамалары





Құрамдас бөлік	Сипаттама
(1) Қауіпсіздік кабелінің құлпы	Қосымша қауіпсіздік кабелін Chromebox құрылғысына жалғайды. ЕСКЕРТПЕ: қауіпсіздік кабелі сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол Chromebox құрылғысына күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін.
(2) Бастапқы қалпына келтіру/қалпына келтіру түймесі	Құрылғыны бастапқы қалпына келтіру немесе қалпына келтіру үшін бастапқы қалпына келтіру/қалпына келтіру түймесінің саңылауына түйреуішті (немесе жапсырма шегені) енгізіп, түймені басыңыз. ЕСКЕРТПЕ: бұл түймені қуат түймесімен бірге бассаңыз, құрылғыңыздағы есептік жазбалар мәліметтері және деректер (мысалы, фотосуреттер, жүктеп алынған файлдар мен сақталған желілер) жойылады. HP компаниясы файлдарды сыртқы қатты дискіге, USB флэш-жад картасына немесе бұлтқа сақтауды ұсынады. Файлдарды кез келген уақытта бұлтқа сақтау үшін Google Drive™ дискісін файлдарды сақтау орны ретінде таңдаңыз.

Алдыңғы жағы

Chromebox құрылғысының алдыңғы жағындағы құрамдас бөліктерді анықтау үшін сурет пен кестені пайдаланыңыз.



Кесте 1-2 Алдыңғы жағындағы құрамдас бөліктер және олардың сипаттамалары


Құрамдас бөлік	Сипаттама
<p>(1)  Біріктірілген аудио шығыс (құлақаспап үшін)/аудио кіріс (микрофон үшін) ұясы</p>	<p>Токқа қосылатын қосымша стерео үндеткіштері, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспаптар, гарнитура немесе теледидар дыбыс кабелі қосылады. Сонымен қатар қосымша гарнитура микрофонын қосады. Бұл ұяға қосымша автономды микрофонды жалғауға болмайды.</p> <p>АБАЙ БОЛҢЫҢЫЗ! Жарақаттану қаупін азайту үшін құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспап немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қауіпсіздік туралы қосымша ақпарат алу үшін <i>Қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қойылатын талаптарға сәйкестік туралы ескертпелер</i> нұсқаулығын қараңыз.</p> <p>ЕСКЕРТПЕ: Chromebox құрылғысы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p>
<p>(2)  USB SuperSpeed зарядтау порты</p>	<p>USB құрылғысын жалғайды, деректер тасымалын қамтамасыз етеді және (тек таңдаулы өнімдерде) Chromebox құрылғысы қосулы немесе ұйқы режимінде болғанда, шағын құрылғыларды зарядтайды.</p>
<p>(3)  microSD™ жад картасын оқу құрылғысы</p>	<p>Мәліметтерді сақтауға, басқаруға, ортақ пайдалануға немесе кіруге арналған қосымша жад карталарын оқиды.</p> <p>Картаны салу үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Картаның белгісі бар жағын жоғары, ал қосқыштарын Chromebox құрылғысына қаратып ұстаңыз. 2. Картаны жад карталарын оқу құрылғысына енгізіп, нық отырғанша үстінен басыңыз. <p>Картаны алып тастау үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▲ Картаны басып, оны жад карталарын оқу құрылғысынан алып тастаңыз.
<p>(4)  Қуат түймесі</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Chromebox құрылғысы өшірулі болғанда, оны қосу үшін түймені басып қалыңыз. • Chromebox құрылғысы қосулы болғанда, ұйқы күйін қосу үшін түймені тез басып қалыңыз. • Chromebox құрылғысы ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен (тек таңдаулы өнімдерде) шығу үшін түймені тез басып қалыңыз.

Кесте 1-2 Алдыңғы жағындағы құрамдас бөліктер және олардың сипаттамалары (жалғасы)




Құрамдас бөлік	Сипаттама
	<ul style="list-style-type: none">Chromebox құрылғысы күту күйінде болған кезде, күту күйінен шығу үшін түймені тез басып қалыңыз. <p>МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: қуат түймесін басып тұрғанда, сақталмаған ақпарат жойылады.</p> <p>Chromebox құрылғысы жауап беруді тоқтатса және өшіру процедуралары көмектеспесе, Chromebox құрылғысын өшіру үшін қуат түймесін кем дегенде 10 секунд басып ұстап тұрыңыз.</p>

Артқы жағындағы



Chromebox құрылғысының артқы жағындағы құрамдас бөліктерді анықтау үшін сурет пен кестені пайдаланыңыз.



Кесте 1-3 Артқы жағындағы құрамдас бөліктер және олардың сипаттамалары

Құрамдас бөлік	Сипаттама	
(1)	RJ-45 (желі) ұясы	Желілік кабелді қосады.
(2)	 USB порты	USB құрылғысын жалғайды, деректер тасымалын қамтамасыз етеді және (тек таңдаулы өнімдерде) Chromebox құрылғысы қосулы немесе ұйқы режимінде болғанда, шағын құрылғыларды зарядтайды. ЕСКЕРТПЕ: кабельдер мен/немесе адаптерлер (бөлек сатылады) қажет болуы мүмкін.
(3)	 USB Type-A SuperSpeed порты	USB құрылғысын жалғайды, деректер тасымалын қамтамасыз етеді және (тек таңдаулы өнімдерде) Chromebox құрылғысы қосулы немесе ұйқы режимінде болғанда, шағын құрылғыларды зарядтайды. ЕСКЕРТПЕ: кабельдер мен/немесе адаптерлер (бөлек сатылады) қажет болуы мүмкін.
(4)	 HDMI порттары (2)	Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген сыйысымды сандық не аудио компоненті сияқты қосымша видео не аудио құрылғыны, сондай-ақ жылдамдығы жоғары HDMI құрылғысын қосады.

Кесте 1-3 Артқы жағындағы құрамдас бөліктер және олардың сипаттамалары (жалғасы)

Құрамдас бөлік	Сипаттама
(5)  Айнымалы ток адаптері мен батарея индикаторы	<ul style="list-style-type: none">• Ақ: айнымалы ток адаптері қосылған, батарея толығымен зарядталуы.• Сары: айнымалы ток адаптері қосылған, батарея зарядталуда.• Сары түсте жыпылықтау: батареяның ақаулығы бар.• Өшірулі: батарея зарядталмайды.
(6)  USB Type-C SuperSpeed зарядтау порты	USB құрылғысын жалғайды, деректер тасымалын қамтамасыз етеді және (тек таңдаулы өнімдерде) Chromebox құрылғысы қосулы немесе ұйқы режимінде болғанда, шағын құрылғыларды зарядтайды.

Астыңғы жағындағы

Астыңғы жағындағы құрамдас бөліктерді анықтау үшін сурет пен кестені пайдаланыңыз.



Кесте 1-4 Астыңғы жағындағы құрамдас бөлік және оның сипаттамасы

Құрамдас бөліктер	Сипаттама
Желдеткіш саңылау	Ішкі құрамдас бөліктерді суыту үшін ауа ағынын қосады. ЕСКЕРТПЕ: желдеткіш ішкі құрамдас бөліктерді суыту және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің біресе қосылып, біресе өшіп отыруы – қалыпты жағдай.

Жапсырмалар


Chromebox құрылғысына бекітілген жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жою кезінде немесе құрылғымен саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін ақпаратты береді. Жапсырмалар қағаз пішінде немесе өнімде басылған күйінде болуы мүмкін.



МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: дұрыс жапсырманы Chromebox құрылғысының астыңғы жағында қараңыз.

- Сервистік жапсырма құрылғыны анықтауға арналған маңызды ақпаратты қамтамасыз етеді. Қолдау қызметімен хабарласу кезінде сериялық нөмір, өнім нөмірі немесе модель нөмірі сұралуы мүмкін. Қолдау қызметімен хабарласпас бұрын, бұл ақпаратты табыңыз.


Қызметтік жапсырманың көрінісі суреттегіден өзше болуы мүмкін.



Кесте 1-5 Қызметтік жапсырманың құрамдас бөліктері

Құрамдас бөлік

- | | |
|-----|---------------------|
| (1) | HP өнімінің атауы |
| (2) | Модель нөмірі |
| (3) | Кепілдік мерзімі |
| (4) | Өнім идентификаторы |
| (5) | Сериялық нөмір |



Кесте 1-6 Қызметтік жапсырманың құрамдас бөліктері

Құрамдас бөлік

- | | |
|-----|---------------------|
| (1) | HP өнімінің атауы |
| (2) | Өнім идентификаторы |
| (3) | Сериялық нөмір |
| (4) | Кепілдік мерзімі |

- Техникалық деректер жапсырмалары құрылғы туралы техникалық ақпаратты береді.
- Сымсыз байланыс туралы сертификациялық жапсырмалар қосымша сымсыз құрылғылар туралы ақпаратты және осы құрылғылардың қолданылуы мақұлданған елдер немесе аймақтардың мақұлдау таңбаларын қамтамасыз етеді.

2 Chromebox пайдалану

Chromebox құрылғысын ойын-сауық хабі ретінде музыканы басқару, фильмдерді жүктеп алу және басқа әрекет орындау үшін пайдаланыңыз. Сонымен қатар Chromebox құрылғысының ойын-сауық мүмкіндіктерін барынша пайдалану үшін оған сыртқы құрылғыларды (мысалы, монитор, проектор, теледидар, үндеткіштер және құлақаспаптар) қосуға болады.

Аудио дыбысты пайдалану

Құрылғыңызбен музыка жүктеуге және тыңдауға, интернеттегі аудио мазмұнды тыңдауға (соның ішінде радионы), дыбыс жазуға немесе мультимедиа файлын жасау үшін дыбыс пен бейнені біріктіруге болады. Тыңдау әсерін жақсарту үшін үндеткіштер немесе құлақаспаптар сияқты сыртқы дыбыс құрылғыларын жалғаңыз.

Үндеткіштерді қосу

Сымды үндеткіштерді құрылғыдағы немесе USB портына немесе құрылғыдағы не қондыру тұғырындағы біріктірілген аудио шығыс (құлақаспап үшін)/аудио кіріс (микрофон үшін) ұясына жалғау арқылы қосуға болады.

Сымсыз үндеткіштерді құрылғыға қосу үшін құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз. Құрылғыға ажыратымдылығы жоғары үндеткіштерді қосу үшін [HDMI құрылғысын жалғау \(7-бет\)](#) бөлімін қараңыз. Үндеткіштерді жалғамас бұрын дыбыс деңгейін төмендетіңіз.

Құлақаспаптарды жалғау

Сымды құлақаспаптарды құлақаспап қосуға арналған ұяға немесе Chromebox құрылғысындағы біріктірілген аудио шығыс (құлақаспап үшін)/аудио кіріс (микрофон үшін) ұясына жалғауға болады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жарақаттану қаупін азайту үшін құлақаспаптарды, тығын тәріздес құлақаспаптарды немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс деңгейін төмендетіңіз. Қауіпсіздік туралы қосымша ақпарат алу үшін *Қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қойылатын талаптарға сәйкестік туралы ескертпелер* нұсқаулығын қараңыз.

Бұл құжатты ашу үшін:

Chromebox құрылғысына сымсыз құлақаспаптарды жалғау үшін құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

Бейнені пайдалану


Бұл Chromebox құрылғысы таңдаулы веб-сайттардағы ойнатылатын бейнені көруге және желіге қосылмай-ақ компьютерден тамашалау үшін бейнелер мен фильмдерді жүктеп алуға мүмкіндік беретін қуатты бейне құрылғысы болып табылады.

Сыртқы мониторды, проекторды немесе теледидарды қосу үшін құрылғыдағы бейне порттарының бірін пайдаланыңыз. Құрылғыңызда ажыратымдылығы жоғары мониторды немесе теледидарды қосуға мүмкіндік беретін HDMI порты және DisplayPort үйлесімді құрылғыға қосуға мүмкіндік беретін DisplayPort™ интерфейсі болады.


📄 МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: сыртқы құрылғының дұрыс кабель арқылы компьютердегі дұрыс ұяға қауіпсіз түрде жалғанғандығына көз жеткізіңіз. Құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

HDMI құрылғысын жалғау

Құрылғы экранындағы кескінді ажыратымдылығы жоғары теледидардан не монитордан көру үшін ажыратымдылығы жоғары құрылғыны келесі нұсқауларға сәйкес жалғаңыз:

 **ЕСКЕРТПЕ:** HDMI құрылғысын Chromebox-қа жалғау үшін бөлек сатылатын HDMI кабелі қажет болады.

1. HDMI кабелінің бір ұшын Chromebox-тағы HDMI портына жалғаңыз.




2. Кабельдің екінші ұшын ажыратымдылығы жоғары теледидарға немесе мониторға жалғаңыз. Дисплейде Chrome жұмыс үстелі көрсетіледі.

Сымсыз желіге қосылу

Жергілікті желі бойынша ояту мүмкіндігін қосу немесе өшіру


Жергілікті желі бойынша ояту функциясы жергілікті желі (LAN) бойынша жіберілген хабар арқылы құрылғыңызды қосуға мүмкіндік береді.

 **ЕСКЕРТПЕ:** жергілікті желі бойынша ояту функциясы LAN кабелі жалғанғанда ғана жұмыс істейді. Жергілікті желі бойынша қосу функциясы (WOL қосылған жағдайда) жүйе қайта басталғаннан кейін бастапқы қалпына келтіріледі.

Жергілікті желі бойынша ояту функциясын пайдалану үшін бастапқы қалпына келтіру мүмкіндігін іске қосып, жасаушы режимін бастау қажет. Жалғастырмас бұрын файлдардың барлығы бұлтқа немесе сыртқы дискіге сақталғанына көз жеткізіңіз.

WOL мүмкіндігін қосу немесе өшіру

Бұл функцияны қосу немесе өшіру үшін:

 **ЕСКЕРТПЕ:** жергілікті желі бойынша ояту функцияларына өзгерістерді LAN кабелі жалғанғанда ғана қолдануға болады. Жергілікті желі бойынша ояту функциясы (қосылған жағдайда) жүйе қайта жүктелгеннен кейін бастапқы қалпына келтіріледі. Қосымша ақпаратты және жаңартуларды алу үшін <http://www.hp.com/support> сайтына өтіп, елді таңдаңыз. Құрылғыңызға арналған құжаттарды табу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

1. Жергілікті желі бойынша ояту функциясының (WOL) параметрлерін өзгерту үшін әзірлеуші режиміне кіру қажет. Құрылғыңызда әзірлеуші режиміне кіру туралы нұсқауларды алу үшін <http://www.chromium.org/chromium-os/developer-information-for-chrome-os-devices> сайтына өтіңіз. Жергілікті желі бойынша ояту функциясын қосу және өшіру іс реті операциялық жүйенің жаңартылуымен өзгеруі мүмкін.
2. Әзірлеуші режимі басталғаннан кейін, құрылғы автоматты түрде өшіріліп қайта басталады да, тіл мен пернетақтаны қайта орнату және пайдаланушылық есептік жазбаңызға кіру сұралады.
3. Есептік жазбаңызға кіргеннен кейін, Chrome жұмыс үстелі ашылады. Консоль режиміне кіру үшін `ctrl + alt + f2` немесе `ctrl + alt + →` пернелерін басыңыз.
4. Консоль экранында `root` (түбір) деп жазып, `enter` пернесін басыңыз.
5. Жергілікті желі бойынша ояту функциясын өшіру үшін келесі нұсқау берілгенде, `ethtool -s eth0 wol d` деп жазып, `enter` пернесін басыңыз. Жергілікті желі бойынша ояту функциясын қосу үшін `ethtool -s eth0 wol g` деп жазып, `enter` пернесін басыңыз.
6. Chrome жұмыс үстеліне оралу үшін `ctrl + alt + f1` немесе `ctrl + alt + →` пернелер тіркесімін басыңыз.

Қолданбаларды басқару

Chromebox құрылғысының өнімділігі және көңіл көтеру мүмкіндіктерін кеңейту үшін тегін ұсынылатын немесе сатып алынған қолданбаларды құрылғыңызға тікелей жүктеуге болады.

Қолданбаларды табу және орнату үшін Chrome веб-дүкеніне өтіңіз. Дүкенді пайдалану үшін Google® есептік жазбасы қажет. Сонымен қатар қашан да орнатылған және жойылған барлық қолданбалардың тізімі дүкенде сақталатын болады. Осылайша қолданбаларды операциялық жүйені қайта пішімдеу салдарынан ешқашан жоғалтпайсыз. Қолданбалардың ең соңғы нұсқаларының орнатылғанын қамтамасыз ету үшін олар автоматты түрде жаңартылады.

- Орнатылған қолданбаны ашу үшін Іске қосу құралының белгішесін басып, қажет қолданбаны тізімнен таңдаңыз немесе қажет қолданба белгішесін басты экранның төменгі жағындағы сөреге бекітілген қолданбалардан таңдаңыз.
- Басты экрандағы сөреге қолданбаны бекіту немесе оны бекітуден шығару үшін Іске қосу құралының белгішесін таңдап, қолданбаны басыңыз. Қолданбаны оң жақ түймемен басып, **Прикрепить к полке** (Сөреге бекіту) пәрменін таңдаңыз. Қолданбаны бекітуден алу үшін оның белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Открепить** (Босату) пәрменін таңдаңыз.
- Қолданбаны жою үшін Іске қосу құралының белгішесін таңдап, қолданбаны басыңыз. Қолданбаны оң жақ түймемен басып, **Удалить из системы Chrome** (Chrome жүйесінен жою) пәрменін таңдаңыз.

Қолданбаларды басқару туралы қосымша ақпаратты https://support.google.com/chrome_webstore/answer/1053346?hl=en бетінен қараңыз.

3 Chromebox пен ақпаратты қорғау

Құрылғы қауіпсіздігі ақпараттың құпиялылығы, сенімділігі мен қолжетімділігін қорғау үшін өте маңызды. Стандартты қауіпсіздендіру шешімдері және үшінші жақ бағдарламалық құралдары құрылғыңызды вирустар, құрттар және басқа зиянды код сияқты қауіп-қатерлерден қорғауға көмектеседі.

Chrome жүйесіне кіріп, синхронизациялау мүмкіндігі қосылғанда, Chrome жүйесі мәліметтеріңізді Google есептік жазбасын синхронизацияланған құпия сөздерді шифрлау үшін пайдалану арқылы қорғайды. Баламалы түрде синхронизацияланған деректеріңіздің барлығын синхронизациялау құпия фразасы арқылы шифрлауды таңдай аласыз. Бұл синхронизациялау құпия фразасы құрылғыңызда сақталады және Google қызметіне жіберілмейді. Деректеріңізді синхронизациялау туралы қосымша ақпаратты <https://support.google.com/chrome/answer/1181035?hl=en> веб-бетінен қараңыз.



МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: нұсқаулықтың ішінде сипатталған кейбір мүмкіндіктер құрылғыңызда болмауы мүмкін.

Кесте 3-1 Chromebox қауіпсіздік опциялары

Құрылғы үшін қатер	Қауіпсіздік мүмкіндігі
Құрылғыны рұқсатсыз қолдану	Қосылғанда сұралатын құпия сөз
Вирустар	Антивирустік бағдарлама
Құрылғыға төнетін бар немесе келешек қауіптер	Бағдарламалық құралды жаңарту
Құрылғының орнын рұқсатсыз ауыстыру	Қауіпсіздік кабелінің құлпы

Сымсыз желіні қорғау

Сымсыз желіні орнатқан кезде қауіпсіздік функцияларын іске қосыңыз.

Бағдарламалық құрал қолданбаларының және мәліметтеріңіздің сақтық көшірмелерін жасау

Барлық қолданбалар автоматты түрде жаңартылады. Жүктеулер мен сатып алулардың жазбасы Chrome Store дүкенінде сақталады. Сонымен қатар ең соңғы рет синхронизацияланған параметрлер Google жүйесінде сақталады. Құрылғыны қалпына келтіруді жүзеге асырсаңыз, жүйеге Google есептік жазбаңыздың көмегімен кіріп, барлық параметрлерді, таңдаулылар мен қолданбаларды автоматты түрде ала аласыз.

HP компаниясы маңызды құжаттар мен файлдарды USB флэш-жад картасына, жад картасына, сыртқы қатты дискіге немесе Google Cloud™ сақталу орнына сақтауды ұсынады. Файлдарды кез келген уақытта бұлтқа сақтау үшін Google Drive дискісін файлдарды сақтау орны ретінде таңдаңыз.

Chromebox құрылғысын қалпына келтіру

Егер Chromebox құрылғысын басқа біреуге беруді, ие рұқсаттарын бастапқы қалпына келтіруді қаласаңыз немесе есептік жазба профиліне байланысты мәселелер туындаса, барлық жергілікті пайдаланушы деректерін құрылғыны бастапқы қалпына келтіру арқылы өшіре аласыз.



ЕСКЕРТПЕ: зауыттық параметрлерді қалпына келтіру арқылы рұқсаттар, параметрлер және пайдаланушы иеленетін файлдар сияқты құрылғыңызда сақталатын барлық есептік жазбаларға байланысты барлық ақпарат жойылады. Құрылғыны бастапқы қалпына келтіру есептік жазбаларға және бұл есептік жазбаларға байланысты синхронизацияланған кез келген ақпаратқа кері әсерін тигізбейді.

1. Экранның төменгі оң жақ бұрышындағы күй аймағын басыңыз.
2. **Параметры** (Параметрлер), одан кейін **Показать дополнительные параметры** (Қосымша параметрлерді көрсету) түймелерін басыңыз.
3. «Powerwash» бөлімін тауып, **Powerwash** пәрменін таңдаңыз.
4. Тілқатысу терезесі ашылғаннан кейін, **Restart** (Өшіріп қайта бастау) опциясын таңдаңыз.


Chromebox құрылғысын бастапқы қалпына келтіру туралы қосымша толық ақпаратты алу үшін <https://support.google.com/chromebook/answer/183084> сайтына өтіңіз.

Қосымша қауіпсіздік кабелін пайдалану

Бөлек сатылатын қауіпсіздік кабель құлпы қорғау құралы ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютердің қате қолданылуынан немесе ұрлануынан қорғамауы мүмкін. Қауіпсіздік кабельдері ұрланудан қорғауға көмектесетін күрделі қауіпсіздік шешімінің бір бөлігі ретінде қолданылуы мүмкін бірнеше әдістердің біреуі ғана болып табылады.

Chromebox құрылғысындағы қауіпсіздік кабелі ұясының көрінісі осы бөлімдегі суретте көрсетілгеннен сәл өзгеше болуы мүмкін. Құрылғыңыздағы қауіпсіздік кабель құлпының орналасқан жері туралы ақпаратты [Chromebox құрылғысымен танысу \(1-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

1. Қауіпсіздік кабель құлпын қорғалатын затқа ораңыз.
2. Кілтті **(1)** қауіпсіздік кабель құлпына **(2)** салыңыз.
3. Қауіпсіздік кабель құлпын құрылғыдағы қауіпсіздік кабелінің ұясына **(3)** салыңыз да, сосын оны кілтпен жабыңыз.



4. Кілтті алып, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

4 Басып шығару

Құрылғыдан басып шығарудың бірнеше тәсілі бар.

- Google® Chrome™ inOS басыу шешімі арқылы басып шығарыңыз.
- Chrome-ға арналған HP Print бағдарламасын пайдалану арқылы Google Chrome браузерінен басып шығарыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Chrome-ға арналған HP Print бағдарламасын пайдалану кезінде принтерді Google® Chrome™ inOS басыу шешімімен тіркеуге болмайды.

Google® Chrome™ inOS басыу шешімі арқылы басып шығару

Google® Chrome™ inOS басыу шешімі – Chromebox құрылғыларына арналған кірістірілген басыу шешімі. 2017 жылы жасалған HP принтерлеріне немесе одан кейінгі нұсқаларға қолдау автоматты түрде көрсетіледі. Қосымша ақпаратты Google Chrome веб-сайтында қараңыз.

1. <https://support.google.com/chrome> веб-сайтына өтіңіз.
2. Іздеу белгішесін басып, *настройка принтера* (принтерді реттеу) деп жазып, **Настройка принтера** (Принтерді реттеу) опциясын таңдаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Enter пернесін баспаңыз.

3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Google Chrome браузерінен басып шығару

Басқа жағдайда Google Chrome браузерінен басып шығару үшін HP Print for Chrome бағдарламасын пайдаланыңыз. HP Print for Chrome бағдарламасын Chrome онлайн дүкенінен орнатуға болады. Қосымша ақпаратты HP веб-сайтында қараңыз.

1. <http://www.hp.com/support> сілтемесін таңдаңыз.
2. Беттің жоғары оң жақ бұрышындағы іздеу белгішесін таңдап, іздеу жолағында HP Print for Chrome бағдарламасы арқылы басып шығару деп жазып, **enter** пернесін басыңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

5 Қосымша HP ресурстары

Өнім туралы егжей-тегжейлі деректерді, практикалық нұсқаулық ақпаратын және қосымша мәліметтерді қамтамасыз ететін ресурстарды табу үшін мына кестені қараңыз.

Кесте 5-1 Қосымша ақпарат


Ресурс	Мазмұны
<i>Параметрлерді реттеу нұсқаулары</i>	<ul style="list-style-type: none">Chromebox параметрлерін реттеу туралыҚұрылғының құрамдас бөліктерін анықтау бойынша көмек
HP веб-сайты Пайдаланушы нұсқаулығының соңғы нұсқасына қол жеткізу үшін http://www.hp.com/support веб-бетіне өтіп, өніміңізді табу нұсқауларын орындаңыз. Одан кейін Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) параметрін таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">Қолдау қызметі туралы ақпаратБөлшектерге тапсырыс беру және қосымша анықтама алуҚұрылғы үшін қолданылатын керек-жарақтар
Дүниежүзілік қолдау Өз тіліңізде қолдауға ие болу үшін http://www.hp.com/support өтіп, еліңізді таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">HP маманымен желіде сөйлесуҚолдау қызметінің телефон нөмірлеріHP қызмет көрсету орталығының мекенжайлары
<i>Қауіпсіз және қолайлы жұмыс нұсқаулығы</i> http://www.hp.com/ergo веб-сайтына өтіңіз.	<ul style="list-style-type: none">Жұмыс орнын реттеуЫңғайлылықты қамтамасыз ететін және жарақат алу қаупін азайтатын дене күйі мен жұмыс дағдыларының нұсқауларыЭлектр және механикалық қауіпсіздік ақпараты
<i>Қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қойылатын талаптарға сәйкестік туралы ескертпелер</i> Бұл нұсқаулық құрылғы қорабында жеткізіледі.	<ul style="list-style-type: none">Заңдық және қауіпсіздік ақпаратыБатареяларды қоқысқа тастау туралы ақпарат
<i>Шектеулі кепілдік*</i> http://www.hp.com/go/orderdocuments веб-сайтына өтіңіз.	<ul style="list-style-type: none">Кепілдік туралы ақпарат

* HP Шектеулі кепілдігін өнімдегі және/немесе қорапта қамтамасыз етілген ықшам дискіде немесе DVD дискісіндегі пайдаланушы нұсқаулықтарында табуға болады. Кейбір елдерде немесе аймақтарда HP компаниясы басылған кепілдікті қорапта ұсынады. Басылған түрдегі кепілдік берілмейтін елдерде/аймақтарда оның басылған көшірмесін <http://www.hp.com/go/orderdocuments> веб-бетінен сұрауға болады. Азиялық Тыныс мұхит аймағында сатып алынған өнімдер үшін HP компаниясының мына мекенжайына хат жазуға болады: POD, PO Box 161, Kitchener Road Post Office, Singapore 912006. Өнім атауын, аты-жөніңізді, телефон нөмірін және пошталық мекенжайды көрсетіңіз.

6 Электрстатикалық разряд

Электрстатикалық ток соғу – екі зат қатынасқа түскен кезде статикалық электр тогының соғуы, мысалы, кілем үстінде тұрып есіктің темір тұтқасын ұстағаннан болатын ток соғу.

Саусақтар немесе басқа электрстатикалық разряд өткізгіштерінен шығатын статикалық электр қуатының разряды электрондық бөліктерді зақымдауы мүмкін.

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Chromebox құрылғысына зақым келтіруді болдырмау, диск жетегіне зақым келтіруді немесе ақпараттың жоғалуын азайту үшін осы сақтық шараларын сақтаңыз:

- Егер жою немесе орнату нұсқауларында Chromebox құрылғысын қуат көзінен ажырату ұсынылса, құрылғының жерге дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
 - Бөліктерді орнатуға дайын болғанша, оларды электрстатикалық разряд өтпейтін контейнерлерде сақтаңыз.
 - Істікшелер, контактілер және қосылатын ұштарға тимеңіз. Электрондық бөліктерді қолмен мүмкіндігінше аз уақыт ұстаңыз.
 - Магниттік емес аспаптарды пайдаланыңыз.
 - Бөліктерді ұстамас бұрын боялмаған металл бетін ұстау арқылы статикалық электр тогын разрядтаңыз.
 - Бөлікті алған кезде оны электрстатикалық разряд өтпейтін контейнерде сақтаңыз.
-

7 Арнайы мүмкіндіктер

HR компаниясының мақсаты – пайдаланушы кез келген орында және уақытта өз еркімен немесе үшінші тарап ұсынатын тиісті көмекші технологиясы қосылған құрығылар не бағдарламалар көмегімен қолдана алатын өнімдер, қызметтер және ақпаратты жасау, өндіру және жарнамалау.

HR және арнайы мүмкіндіктер

HR алуан түрлілікті, қатыстыруды және жұмысты/өмірді компанияның құрылымына енгізу бойынша жұмыс істеуде, сондықтан бұл компанияның әрбір әрекетінде көрінеді. HR компаниясы адамдарды дүние жүзіндегі технология қуатына қосуға негізделген инклюзивті ортаны жасауға тырысады.

Арнайы мүмкіндіктерге арналған қажетті құралдарды табу

Технологиялар адам әлеуетін жүзеге асыра алады. Арнайы мүмкіндіктер тосқауылдарды жойып, үйдегі, жұмыстағы және қоғамдағы дербестікті жасауға көмектеседі. Арнайы мүмкіндіктер электрондық және ақпараттық технологияларының функциялық мүмкіндіктерін кеңейтуге, сақтауға және жақсартуға көмектеседі.

Қосымша ақпаратты [Ең жақсы арнайы технологияны табу \(15-бет\)](#) сілтемесінен қараңыз.

HR міндеті

HR компаниясы мүмкіндіктері шектеулі адамдардың пайдалануына арналған өнімдер мен қызметтерді ұсынуды өз міндетіне алады. Бұл міндет компанияның алуан түрліліктің мақсаттарына қолдау көрсетеді және технология артықшылықтарының барлық адамға қол жетімді болуын қамтамасыз етеді.

Компанияның арнайы мүмкіндіктер тұрғысындағы мақсаты мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қоса, пайдаланушылардың барлығы өздігімен немесе тиісті көмекші құрылғылар көмегімен тиімді пайдалана алатын өнімдер мен қызметтерді жасақтау, өндіру және нарыққа шығару болып табылады.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін Арнайы мүмкіндіктер саясатының HR компаниясының әрекеттері бойынша нұсқау беретін негізгі жеті мақсаты бар. Барлық HR менеджерлері мен қызметкерлері өз рөлдері мен мүмкіндіктеріне сәйкес осы мақсаттарға қолдау көрсетуі тиіс:

- HR компаниясындағы арнайы мүмкіндіктер мәселелері туралы танымалдық деңгейін көтеріп, қызметкерлерімізге арнайы мүмкіндіктерге қатысты өнімдер мен қызметтерді жасақтау, өндіру, нарыққа шығару және жеткізу бойынша қажетті оқу курстарын қамтамасыз ету.
- Өнімдер мен қызметтерге арналған арнайы мүмкіндіктер туралы нұсқауларды әзірлеп, осы нұсқауларды жүзеге асыруға жауапты өнімді әзірлеуші топтарды бәсекелестікке, техникалық және экономикалық тұрғыда негізделген етіп ұстау.
- Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды арнайы мүмкіндіктер туралы нұсқауларды әзірлеуге және өнімдер мен қызметтерді жасақтауға және сынақтан өткізуге қатыстыру.
- Арнайы мүмкіндіктер туралы жазу және HR өнімдері мен қызметтері туралы ақпаратты оңай қол жеткізуге болатын пішімде әзірлеу.
- Жетекші көмекші технологияны және шешімді жеткізушілермен қарым-қатынастарды орнату.

- НР өнімдері мен қызметтеріне қатысты көмекші технологияларды жақсартатын ішкі және сыртқы зерттеу және дамыту салаларына қолдау көрсету.
- Арнайы мүмкіндіктерге арналған өндірістік стандарттар мен нұсқауларға қолдау көрсету және үлес қосу.

Халықаралық арнайы мүмкіндіктер жөніндегі білікті мамандар бірлестігі (IAAP)

IAAP — желі, білім беру және куәландыру арқылы арнайы мүмкіндіктер жөніндегі мамандықты жетілдіруге негізделген коммерциялық емес бірлестік. Мақсаты – арнайы мүмкіндіктер жөніндегі білікті мамандарға мансаптарын жетілдіруге және дамытуға, сондай-ақ ұйымдарға арнайы мүмкіндіктерді өнімдері мен инфрақұрылымына жақсырақ ендіруге көмектесу.

Негізін қалаушы мүше болып табылатын НР компаниясы арнайы мүмкіндіктер саласын дамытуға қатынасу мақсатында басқа ұйымдармен бірікті. Бұл міндет мүмкіндіктері шектеулі адамдар тиімді пайдалана алатын НР өнімдері мен қызметтерін жасақтау, өндіру және нарыққа шығару бойынша компанияның арнайы мүмкіндіктер жөніндегі мақсатына қолдау көрсетеді.

IAAP басқалардан үйрену мақсатында жеке адамдарды, студенттерді және ұйымдарды жаһандық тұрғыда біріктіру арқылы біздің мамандықты күшейтеді. Егер қосымша қызығушылық танытатын болсаңыз, онлайн қауымдастыққа қосылу, ақпараттық таратылымдарға жазылу және мүшелік опциялары туралы білу үшін <http://www.accessibilityassociation.org> веб-бетіне өтіңіз.

Ең жақсы арнайы технологияны табу

Физикалық немесе жасына қатысты мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қоса, кез келген тұлға технологияны қолданып сөйлесе, өз ойларын айта және әлеммен байланыса алу керек. НР компаниясы НР ішіндегі және тұтынушылар мен серіктестерінің арнайы мүмкіндіктер туралы танымалдықтарын арттыруға міндеттенеді.

Көздеріңіз оңай көретін үлкен қаріптер, қолдарыңыздың демалуына мүмкіндік беретін дыбыстық тану немесе белгілі жағдайда көмектесетін басқа да арнайы мүмкіндіктер технологиясы – НР өнімдерін пайдалануды оңайлататын сан алуан арнайы технологиялар түрлері. Сіз қалай таңдау жасайсыз?

Қажеттіліктеріңізге қол жеткізу

Технологиялар әлеуетті жүзеге асыра алады. Арнайы мүмкіндіктер тосқауылдарды жойып, үйдегі, жұмыстағы және қоғамдағы дербестікті жасауға көмектеседі. Арнайы мүмкіндіктер (AM) электрондық және ақпараттық технологияларының функциялық мүмкіндіктерін кеңейтуге, сақтауға және жақсартуға көмектеседі.

Көптеген көмекші технология өнімдерінен таңдауға болады. Көмекші технологияны анықтау бірнеше өнімдерді бағалауға, сұрақтарға жауап беруге және жағдайға арналған ең жақсы шешімді таңдауға мүмкіндік беруі керек. Көмекші технологияны бағалаумен айналысатын білікті мамандардың көптеген салалардан (оның ішінде физиотерапия, еңбек терапиясы, сөйлеу/тіл патологиясы және де басқа да біліктілік салалары) шығатынын байқауға болады. Куәлігі немесе лицензиясы жоқ басқалар да бағалау негізіндегі ақпаратты ұсына алады. Қажеттіліктеріңізге сай екендігін анықтау үшін жеке тұлғалардан тәжірибесі, біліктілігі және қызмет ақысы туралы сұрағыңыз келеді.

НР өнімдеріне арналған арнайы мүмкіндіктер

Бұл сілтемелер қолданыста болса, әртүрлі НР өнімдерінде қамтылған арнайы мүмкіндіктер мен көмекші технология туралы ақпаратты береді. Мына ресурстар сіздің жағдайыңызға көбірек сәйкес келетін арнайы көмекші технология мүмкіндіктері мен өнімдерін таңдауға көмектеседі.

- [HP Elite x3 – Арнайы мүмкіндіктер опциялары \(Windows 10 Mobile\)](#)
- [HP компьютерлері – Windows 7 жүйесінің арнайы мүмкіндіктер опциялары](#)
- [HP компьютерлері – Windows 8 жүйесінің арнайы мүмкіндіктер опциялары](#)
- [HP компьютері – Windows 10 жүйесінің арнайы мүмкіндіктер опциялары](#)
- [HP Slate 7 планшеттері – HP планшетінде \(Android 4.1/Jelly Bean\) арнайы мүмкіндіктерді қосу](#)
- [HP SlateBook компьютерлері – Арнайы мүмкіндіктерді қосу \(Android 4.3, 4.2/Jelly Bean\)](#)
- [HP Chromebook компьютерлері – HP Chromebook немесе Chromebox \(Chrome OS\) құрылғысында арнайы мүмкіндіктерді қосу](#)
- [HP Shopping – HP өнімдеріне арналған перифериялық құрылғылар](#)

HP өніміңіздегі арнайы мүмкіндіктер туралы қосымша қолдау қажет болса, ақпаратты [Қолдау қызметіне хабарласу \(18-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

Қосымша көмек ұсынатын сыртқы әріптестер мен провайдерлерге қосымша сілтемелер:

- [Microsoft жүйесінің \(Windows 7, Windows 8, Windows 10, Microsoft Office\) арнайы мүмкіндіктер туралы ақпараты](#)
- [Google өнімдерінің \(Android, Chrome, Google қолданбалары\) арнайы мүмкіндіктер туралы ақпараты](#)
- [Кемістік бойынша сұрыпталған арнайы мүмкіндіктер түрлері](#)
- [Арнайы мүмкіндіктер жөніндегі өнеркәсіптік бірлестік \(ATIA\)](#)

Стандарттар және заңдар

Дүние жүзіндегі елдер мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін өнімдер мен қызметтерді жақсарту мақсатымен ережелерді заңдастырады. Мұндай ережелер арнайы коммуникация мен бейне ойнату мүмкіндіктері, байланысты пайдаланушы құжаттары және тұтынушылық қолдауы бар телекоммуникациялық өнімдер мен қызметтерге, компьютерлер мен принтерлерге қатысты қолданылады.

Стандарттар

Федералдық қажеттіліктерге арналған сатып алу заңының (FAR) 508-бөлімі физикалық, сенсорлық немесе ұғыну мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған ақпараттық және коммуникациялық технологияға (ICT) қолжетімділікті бағыттау мақсатында АҚШ қатынастар басқармасы арқылы жасалған.

Стандарттар технологиялардың алуан түрлеріне қатысты арнайы техникалық шарттарды, сондай-ақ қамтылған өнімдердің функционалдық мүмкіндіктеріне негізделген өнімділік негізіндегі талаптарды қамтиды. Арнайы шарттар бағдарламалық құрал қолданбалары мен операциялық жүйелерді, Интернетке негізделген ақпарат пен қолданбаларды, компьютерлерді, телекоммуникациялық өнімдерді, бейне мен мультимедиа құралдарын және тұйықталған жабық өнімдерді қамтиды.

Нөмірі 376 – EN 301 549 бұйрығы

Еуропалық одақ 376-мандат ішінде EN 301 549 стандартын жалпыға қолжетімді коммуникациялық технология өнімдеріне арналған онлайн құралдар жинағы ретінде жасады. Стандарт ақпараттық және коммуникациялық технология өнімдері мен қызметтеріне қолданылатын арнайы мүмкіндіктер талаптарын, сондай-ақ әрбір талабына арналған сынау процедуралары мен бағалау методологиясының сипаттамасын анықтайды.

Веб-мазмұнға қол жеткізу жөніндегі нұсқаулар (WCAG)

W3C Интернетке қолжетімділік бастамасының веб-мазмұнға қол жеткізу жөніндегі нұсқаулары (WCAG) веб-дизайнерлер мен әзірлеушілерге физикалық немесе жасына қатысты мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қажеттіліктеріне жақсырақ сәйкес келетін сайттарды жасауға көмектеседі.

WCAG арнайы мүмкіндіктерді веб-мазмұн (мәтін, суреттер, аудио және бейне) мен веб-қолданбалардың толық ауқымы арқылы жетілдіреді. WCAG нұсқауларын мұқият сынап көруге, оңай түсінуге және пайдалануға болады, сондай-ақ ол веб-жетілдірушілерге инновацияға икемділікті береді. WCAG 2.0 нұсқауы [ISO/IEC 40500:2012](#) стандарты ретінде де бекітілген.

WCAG көру, есту, физикалық, ұғыну және неврологиялық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың, сондай-ақ қол жеткізу қажеттіліктері бар ересек интернетті пайдаланушылардың интернеттегі мазмұнға қол жеткізу тосқауылдарына айтарлықтай шешеді. WCAG 2.0 қол жеткізілетін мазмұнның сипаттамаларын береді:

- **Түсіндіру** (мысалы, суреттерге мәтін баламаларын, дыбыстарға жазуларды, көрмелерге бейнелеуді және түсті контрасты қолдану арқылы)
- **Жұмысқа бейімдеу** (пернетақтаға қолжетімділікті, түс контрастын, енгізу уақытын, бас тартуды және жылжу мүмкіндігін игеруді реттеу арқылы)
- **Түсінікті** (оқу, болжау және енгізу көмекші құралдарын реттеу арқылы)
- **Тұрақты** (мысалы, көмекші технологиялармен үйлесімділікті реттеу арқылы)

Заңдар мен ережелер

Ақпараттық технологияларға және ақпаратқа қолжетімділік заңды маңыздылықты арттыру аймағына айналды. Мына сілтемелер бойынша негізгі заңдар, ережелер мен стандарттар туралы ақпаратты алуға болады.

- [Америка Құрама Штаттары](#)
- [Канада](#)
- [Еуропа](#)
- [Австралия](#)
- [Дүние жүзі бойынша](#)

Пайдалы арнайы мүмкіндіктер ресурстары мен сілтемелері

Келесі ұйымдар, мекемелер және ресурстар мүгедектік пен жасқа қатысты шектеулер туралы ақпаратты ұсына алады.



ЕСКЕРТПЕ: Бұл жабық тізім емес. Бұл ұйымдар тізімі тек ақпараттық мақсатта ғана берілді. HP компаниясы Интернетте берілген мәліметтер немесе байланыс ақпараты үшін жауапты болмайды. Бұл беттегі тізім HP компаниясының растамасын тұспалдамайды.

Ұйымдар

Мына мекемелер – мүгедектік пен жасқа қатысты шектеулер туралы ақпаратты ұсынатын көптеген мекемелердің кейбіреулері.

- Америкалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар бірлестігі (AAPD)
- Арнайы технология туралы заң бағдарламалары жөніндегі бірлестік (ATAP)

- Америкалық есту мүмкіндігі шектеулі адамдар бірлестігі (HLAA)
- Ақпараттық технология бойынша техникалық көмекші және оқыту орталығы (ITATC)
- Халықаралық сәулелі манар
- Керең адамдардың ұлттық бірлестігі
- Соқыр адамдардың ұлттық федерациясы
- Солтүстік Америкалық қалпына келтіру инженерлік және көмекші технология қоғамы (RESNA)
- Керең және есті қабілеті нашар адамдарға арналған байланыс құралдары корпорациясы (TDI)
- W3C Интернетке қолжетімділік бастамасы (WAI)

Білім беру мекемелері

Білім беру мекемелерінің көпшігі (мыналарды қоса) мүгедектік пен жасқа қатысты шектеулер туралы ақпаратты ұсынады.

- Калифорния мемлекеттік университеті, Нортридж, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың орталығы (CSUN)
- Висконсин – Мэдисон университеті, салдарды іздеу орталығы
- Компьютерге бейімделу бағдарламасы бойынша Миннесота университеті

Шектеулі мүмкіндіктер туралы басқа да ресурстар

Ресурстардың көпшігі (мыналарды қоса) мүгедектік пен жасқа қатысты шектеулер туралы ақпаратты ұсынады.

- ADA (АҚШ-тағы мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғау туралы заң) техникалық көмекші бағдарлама
- Халықаралық еңбек ұйымының Кәсіпкерлік пен мүгедектік мәселелері бойынша жаһандық желісі
- EnableMart
- Еуропалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар форумы
- Тапсырманы орындау құралдары желісі
- Microsoft жүйесін қосу

HP сілтемелері

HP сілтемелері мүгедектік пен жасқа қатысты шектеулер туралы ақпаратты ұсынады.

[Біздің байланыс ақпараты туралы веб-форумымыз](#)

[HP қолайлық және қауіпсіздік туралы нұсқаулығы](#)

[HP қоғамдық сала бойынша сату бөлімі](#)

Қолдау қызметіне хабарласу

HP компаниясы мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін арнайы мүмкіндіктер опциялары бойынша техникалық қолдау мен көмек көрсетуді ұсынады.



ЕСКЕРТПЕ: Қолдау қызметі ағылшын тілінде ғана көрсетіледі.

- Техникалық қолдау немесе HP өнімдерінің арнайы мүмкіндіктері туралы сұрақтары бар керең немесе есту қабілеті нашар тұтынушылар:
 - Дүйсенбі-жұма күндері, қысқы уақыт аймағындағы 6:00 мен 21:00 аралығында (877) 656-7058 нөміріне қоңырау шалу үшін TRS/VRS/WebCapTel байланыс құралдарын пайдаланыңыз.
- Техникалық қолдау немесе HP өнімдерінің арнайы мүмкіндіктері туралы сұрақтары бар өзге физикалық немесе жасына қатысты мүмкіндіктері шектеулі тұтынушылар келесі опциялардың бірін таңдаңыз:
 - Дүйсенбі-жұма күндері, қысқы уақыт аймағындағы 6:00 мен 21:00 аралығында (888) 259-5707 нөміріне қоңырау шалыңыз.
 - [Физикалық немесе жасына қатысты мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін байланыс пішімін аяқтаңыз.](#)

Индекс

Таңбалар/Сандар

508-бөлімнің арнайы мүмкіндіктер стандарттары 16

A

AM (арнайы мүмкіндіктер):

мақсаты 14

табу 15

арнайы мүмкіндіктер 14

арнайы мүмкіндіктер (AM)

мақсаты 14

табу 15

арнайы мүмкіндіктер бағалауды

қажет етеді 15

Арнайы мүмкіндіктер туралы HP

саясаты 14

аудио 6

құлақаспаптар 6

үндеткіштер 6

B

басып шығару 11

бейне, пайдалану 6

D

дыбыс. Көріңіз аудио

Ж

жапсырмалар

Bluetooth 4

WLAN 4

қызмет 4

нормативтік 4

сериялық нөмір 4

сымсыз куәландыру 4

Қ

қолдау 12

құлақаспаптар, жалғау 6

құрамдас бөліктер

алдыңғы жақ 1

артқы жақтағы 3

астыңғы жағындағы 4

оң жақ 1

қызметтік жапсырмалар, табу 4

H

нормативтік ақпарат

нормативтік ақпараты бар

жапсырма 4

сымсыз куәландыру белгілері

4

Ө

өнім аты және нөмірі, Chromebox

4

P

ресурстар, арнайы мүмкіндіктер

17

C

сериялық нөмір, Chromebox 4

стандарттар және заңдар, арнайы

мүмкіндіктер 16

сымсыз желіге қосылу 7, 8

сымсыз куәландыру белгісі 4

T

тұтынушыларды қолдау, арнайы

мүмкіндіктер 18

Y

үндеткіштер

қосылу 6

X

Халықаралық арнайы мүмкіндіктер

жөніндегі білікті мамандар

бірлестігі 15

Э

электрстатикалық разряд 13

B

Bluetooth жапсырмасы 4

Bluetooth құрылғысы 7, 8

C

Chromebox құрылғысымен бірге

алып жүру 4

W

WLAN жапсырмасы 4

WLAN құрылғысы 4